



№21 (8961),
жұма, 02 маусым,
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Президентке VIII сайланған Парламенттің төменгі палатасының қызметі туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, сессия басталғаннан бері Мәжіліс депутаттарының қарауында 75 заң жобасы болды. Оның 14-і қабылданып, Сенатқа жолданды. Қазіргі уақытта депутаттардың қарауында онлайн-платформалар, заңсыз сатып алынған активтерді қайтару, «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын жүзеге асыру, қоғамдық бақылау, Тұрғын үй қатынастарын жетілдіру туралы заң жобалары бар. Ерлан Қошанов сайлаушылармен жұмыстың күшейтілгені туралы айтты. Азаматтарды қабылдау, комитеттердің салалық және көшпелі отырыстары

тұрақты өткізіліп тұрады. Депутаттар халықтың өзекті мәселелеріне қатысты сауалдарды жиі жолдай береді. Жуырда 2022 жылғы республикалық бюджеттің жұмсалыуы туралы Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның есебіне қатысты қоғамдық тыңдалым өтеді. Президентке аталған шараға дайындық барысы туралы баяндалды. Мәжіліс Төрағасы парламенттік дипломатия аясындағы жұмыстың қорытындылары туралы да айтты. Бұдан бөлек, Мәжіліс биыл маусым айында Қазақстанның төрағалығы аясында БҰҰ Қолдауымен ұйымдастырылатын Орталық Азия елдерінің диалогының бірінші отырысын өткізуге дайындалып жатыр.

akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ XX ҒАСЫРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МАТЕРИАЛДАРЫН ЗЕРТ- ТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары аясында XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығына барды. Қасым-Жомарт Тоқаев орталықта құжаттарды сақтау шартымен, мұрағат құжаттарын қалпына келтіру және микрофильмдеу кабинеттерінің жұмысымен танысты. Сонымен қатар Мемлекет басшысына өткен ғасырдағы саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты материалдар бойынша жүргізілген жұмыстардың экспозициясы көрсетілді. Президенттің Жарлығымен 2020 жылдың қараша айында XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия құрылды. Мемлекеттік комиссияның жұмысына қолдау көрсету мақсатында 2021 жылы XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығы ашылды. XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы са-

яси қуғын-сүргін тарихына қатысты материалдар Орталыққа ИІМ, ҰҚК, Бас прокуратураның арнаулы мұрағаттарынан беріледі. Орталық таяу уақытта барлығы 715 мыңға жуық істі қабылдап алады деп қоспарланып отыр. Мұнда құжаттарды құпиясыздандыру, қалпына келтіру жұмыстары жүзеге асырылады. Оларды зерттеу және ғылыми айналымға енгізу үшін тиісті жағдай жасалған. Қазіргі уақытта тарихшы-ғалымдар мен орталық қызметкерлері «Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар» атты көптомдықты баспаға дайындап жатыр. Бұл басылым XX ғасырдағы Қазақстанның саяси тарихының ғылыми көкжиегін кеңейтеді. Жалпы, Орталық қорында 260 мың іс, ал архивте 1 миллион 132 мың іс сақталған. Мемлекет басшысы тарихымызды зерделеу ісінде Орталықтың жұмысы маңызды екенін атап өтіп, ұжымға сәттілік тіледі.

akorda.kz

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



Аудан әкімі Елдос Ахметов Шымыр ауылында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мақсатында ұйымдастырылған шараға қатысты.

Шара барысында аудан әкімі бастаған әлеумет саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, жазықсыз жазаланған марқұмдарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Шара соңында аудандық орталық мешіттің бас имамы Мұхаммед Ордыбай қуғын-сүргін құрбандарына арнап құран бағыштады. Ескелді ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ



1 июня, отмечается Международный день защиты детей. Праздник напоминает о защите основных прав несовершеннолетних, включая право на жизнь, здоровье, образование и защиту от насилия по всему миру.

ялся в ноябре 1949 года в Париже. Впервые День защиты детей был проведен в 1950 году в 51 стране мира. В рейтинге стран по продолжительности и защищенности детства Казахстан занимает 50-е место из 180 стран. В настоящее время в Казахстане разрабатывается комплексный план «Бала қорғау» по защите детей от насилия, превен-

организации образования родительских сообществ (клубы матерей, отцов, бабушек, дедушек), проведение мониторинга детского благополучия, внедрение интерактивной карты благополучия детей. Также планируется разработка свода разъяснений норм законодательства и нормативных правовых актов, касающихся защиты прав и интересов несовершеннолетних лиц «Детский кодекс». В этом году впервые в Казахстане Международный день защиты детей совпал с выходом школьников на летние каникулы. В этом году более 3,7 млн юных казахстанцев завершили учебный год. В этот день проходит множество массовых, развлекательных и культурных мероприятий для детей. Представители различных общественных организаций, предприятий, которые имеют возможность

Президент опубликовал пост на своей официальной странице в Twitter и поздравил казахстанцев с праздником. «Поздравляю граждан Республики Казахстан с Международным днем защиты детей! Дети — будущее нашей страны. Мы должны заботиться о них. Создание благоприятных условий для развития подрастающего поколения всегда будет в приоритете государства. Желаю всем крепкого здоровья и успехов!», — написал президент.



помочь, стараются посетить детдома, приюты и другие госучреждения для детей, оставшихся без родителей. Дарят подарки, устраивают сюрпризы, экскурсии в музеи, детские театры, цирк, зоопарк, встречи с артистами, певцами и музыкантами. В обычной семье тоже стараются отметить этот праздник. Взрослые дарят детям подарки, устраивают для них различные развлечения. Этому немало способствуют и местные исполнительные органы городов и аулов, которые очень стараются сделать этот день для детей действительно праздничным.

В Ескельдинском районе, как и по всей стране прошли праздничные мероприятия, посвященные Дню защиты детей.

1 июня в честь Международного дня защиты детей на центральной площади Карабулака прошло праздничное мероприятие. Ребятишек и их родителей поздравил глава региона Елдос Ахметов. А после, жителям и гостям района была представлена красочная праздничная программа. На ней свои яркие номера представили талантливые девочки и мальчики региона. Кроме того, для детей подготовили различные игровые зоны, где они могли рисовать, петь, состязаться в спортивных турнирах. За победу в конкурсах отличившиеся получили призы.

Дорогие дети! Счастливого детства!

ЖШ Ақпарат

Праздник решено было отметить 1 июня решением конгресса Международной демократической федерации женщин, который состо-



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР МЕН ЕМ-ШАРАЛАР КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ – ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ АИТВ-НЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында адамның иммун тапшылығы вирусына қатысты қазіргі ахуал қаралып, тиісті медициналық көмек көрсету шаралары талқыланды.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Гинияттың айтуынша, АИТВ тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өзекті мәселе болып отыр. Мәселен, соңғы 10 жылда республикада сырқаттанушылық 2 есе өсті, бұл ретте ЖИТС-тен өлім-жітім көрсеткіші 1,7 есе төмендеді.

Вирус жұқтырған адамдарға медициналық көмекті медициналық-санитарлық алғашқы көмекке дейін бастап және АИТВ инфекциясының профилактикасы бойынша 20 орталық көрсетеді. Сонымен қатар тиісті қызметтердің қолжетімділігін арттыру бойынша жүйелі іс-шаралар жүргізілуде: тестілеу мен емдеудің инновациялық әдістері көзделген, тегін медициналық көмектің көпшілік берілген көлемі аясында дәрілік препараттардың тізімі 12-ден 16-ға дейін кеңейтілді, ДДҰ ұсынымдарына сәйкес 12 профилактикалық бағдарлама енгізілді, ақпараттық-білім беру жұмысы кеңейтілуде.

Министрдің айтуынша, Қазақстанда АИТВ инфекциясы тұрақты сатыда – 0,3%, бұл орайда әлемдік орташа көрсеткіш – 0,7%. Бүгінде АИТВ-ға қарсы іс-қимылдың 2023-2026 жылдарға арналған жол картасы бекітілді, ол аурудың алдын алу, диагностика және емдеу, салалық үкіметтік емес ұйымдарды дамыту, кадрлық әлеуетті арттыру және т.б. жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

Үкімет басшысы адамның иммун тапшылығы вирусы жаһандық денсаулық сақтау жүйесінің аса маңызды проблемаларының бірі екенін атап өтті. Осы орайда әлем елдерінде бұл вирустың таралуы азаймай отыр.

«Қауіпті індетті жұқтырғандардың қатары Қазақстанда да артып келеді. Яғни, соңғы 10 жылда 2 есеге жуық өскен. Өткен жылы инфекция жұқтырудың 4 мыңнан астам жаңа жағдайы анықталды. Қазір біздің елімізде осы инфекциямен ауыратын 30 мыңнан астам адам тұрады. Олардың жартысынан көбі – еңбекке қабілетті жастағы адамдар», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы өзінше ғалымдар бұл вирусты жеңуге дәрменсіз екенін айтып өтті. Ол – бүкіл адамзат баласына төнген аса қауіпті дертке айналды.

лып отыр.

«Вирустың алдын алу шараларын қолдану, ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Науқастарды халықаралық стандарттарға сәйкес сапалы емдеумен қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар вирусты тасымалдаушылардың барлығы қатаң медициналық бақылауда болуы керек», — деді Премьер-Министр.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, өткен жылы елімізде иммун тапшылығы вирусымен ауыратын науқастарға арналған әлеуметтік жобаларға небәрі 7 үкіметтік емес ұйым тартылды.

«Бұл – өте аз. Вирус жұқтырған және тәуекел топтарындағы адамдармен жұмыс істеуге үкіметтік емес ұйымдарды тарту үшін әлеуметтік гранттар мен тапсырыстар санын кеңейту керек. Аурудың белгілері және жұқтыру жолдары туралы адамдарға кеңінен ақпарат беру қажет. Соңғы уақытта мұндай жұмыс, өкінішке орай, нашарлап кетті. Адамдардың көпшілігі сақтық шараларына салғырт қарауда», — деді Үкімет басшысы.

Үкімет басшысының сөзінше, қауіпті вируспен өмір сүретін адамдарға қоғамның көзқарасын жақсарту қажет. Осы орайда Денсаулық сақтау, Ақпарат және қоғамдық даму министрліктері әкімдіктермен бірлесіп, ақпараттық материалдар, роликтер әлеуметтік желілер арқылы халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуі қажет.

«Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер тарапынан халыққа медициналық қызметтерді, сол сияқты жұқтыру қаупі бар басқа да ем-шаралар көрсету кезінде инфекциялық қауіпсіздікке қатаң бақылау жасалуы қажет», — деп түйіндеді Әлихан Смайылов.

primeminister.kz

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. 2003 жылдан бастап Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы және арнайы мемлекеттік жәрдемақы ретінде 18,4 млрд теңге төленді. Биыл бұл мақсатқа 1,3 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылған.

1921-1954 жылдар аралығындағы кезеңде «халық жауларын» анықтау саясатының салдарынан Қазақстанда 100 мың адам сотталды, олардың 25 мыңы ең жоғары жазалау шарасы – ату жазасына кесілді.

Миллиондаған қазақстандық 1932-33 жылдары ашаршылықтың құрбаны болды.

Республика аумағында ГУЛАГ құрылымының ең ірі лагерлері – АЛЖИР, Степлаг, Карлаг болды. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстан лагерлеріне 5 млн-нан астам адам жер аударылды. Кейбір мәліметтер бойынша, тұтқындардың жалпы саны бұл саннан едәуір көп.

1930-1940 жылдары Қазақстан миллиондаған кеңес азаматы үшін депортация орны болды. 1937 жылдың күзінде республикаға жүздеген мың көрістер, түріктер, ирандықтар, күрдтер мен өзірбайжандар қоныс аударды. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы жылдарында елге немістер, гректер, шешендер, ингуштар, қарашайлар, балқарлар, қырым татарлары және басқа да халықтар жер аударылды. Олардың саны 1 миллион 200 мыңның шамасында.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес саяси қуғын-сүргін құрбандарына және саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен деп танылған азаматтарға 2003 жылдан бастап біржолғы ақшалай өтемақы төленеді.

«2003-2022 жылдар аралығында республикалық бюджеттен 2,9 млрд теңге сомасында біржолғы ақшалай өтемақы төленді. Өтемақы мөлшері 2 588 теңге мен (3/4 АЕК) 345 000 теңге (100 АЕК) аралығында. 2023 жылға республикалық бюджетте аталған мақсаттарға 768 мың теңге қарастырылған», — деп хабарлады ҚР ЕХӘҚМ Әлеуметтік көмек департаментінің директоры Айнұр Абдырахманова.

Бұдан басқа, саяси қуғын-сүргін құрбандарына, сондай-ақ саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын адамдарға әлеуметтік төлемдердің өзге де түрлеріне қарамастан 1,07 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (2023 жылы – 3 692 теңге) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

«2005 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде республикалық бюджеттен 15,5 млрд теңге сомасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленді. 2023 жылы арнаулы мемлекеттік

жәрдемақы төлеуге 1,3 млрд теңге жоспарланған. Биылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 28 316 жаппай саяси қуғын-сүргін құрбаны және саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен азамат арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алды», — деді Айнұр Абдырахманова.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап саяси қуғын-сүргін құрбандары, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын адамдар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны Әлеуметтік кодекс шеңберінде арттырылған жаңа 1,23 АЕК (2023 жылы-4 244 теңге) мөлшерде алады.

Ақталған азаматтардың, сондай-ақ саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен деп танылған, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын адамдардың бірінші кезекте:

- бас бостандығынан айыру орындарында ұсталған, жазасын өтеген, басқа елді мекемелерге жіберілген, арнайы елді мекендерде еркіндігі шектеліп, мәжбүрлі еңбекпен айналысқан және мәжбүрлеп психиатриялық мекемелерде емдеуде болған уақытының үш есе мөлшерде зейнетақы алу үшін қатысу өтіліне есептелуге;
- оларға ыңғайлы уақытта кезекті еңбек демалысын алу, сондай-ақ жылына екі аптаға дейінгі мерзімге жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс алу;
- телефондарды бірінші кезекте орнату;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат-үйлерге бірінші кезекте орналастыру, оларда толық мемлекеттік қамтамасыз етуде;
- протездік-ортопедиялық бұйымдармен жеңілдікпен қамтамасыз ету;
- оңалтуға байланысты мәселелер бойынша адвокаттардан тегін кеңес алуға құқығы бар.

Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдар жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақталған адамдарға материалдық және басқа да көмек түрлерін көрсету жөнінде жергілікті бюджеттер есебінен қосымша шаралар белгілеуге құқылы.

Жыл сайын Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай жергілікті атқарушы органдар саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендерге біржолғы материалдық көмек көрсетеді.

2023 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 3 828 азаматқа 3 692 теңгеден 30 000 теңгеге дейінгі мөлшерде 48,6 млн теңге сомасында біржолғы материалдық көмек көрсетіледі.

ҚР ЕХӘҚМ пасөз қызметті

БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ ОРАЙ ЖЕТИСУДА ЕКІ БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Қосымша білім беру жүйесінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңызды зор. Осыған байланысты Жетісу облысында ескең ұрпақтың бос уақытын пайдалы ұйымдастыру, үйірме қызметін қолдау бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Әсіресе ауылдық жерлерде белсенді қолға алынған. Мәселен, балаларды қорғау күніне орай Алакөл және Ескелді аудандарында 300-ге жуық орындық балалар мен

жасөспірімдер шығармашылығы орталықтары ашылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алакөл ауданы Қабанбай ауылындағы мәдениет үйінің базасында 150 орындық балалар шығармашылық орталығы есігін айқара ашты. Мұнда балалар домбыра мен тартуға машықтанып, вокалмен, қолданбалы өнермен айналыса алады. Поэзия үйірмесі, арт-студия, қуыршақ театры да ұйымдастырылған. Робототехника,

ағылшын тілі сабақтары өткізіліп, тоғызқұмалақ ойнауды үйретеді. Барлығы 10 түрлі үйірме бар. Ауыл тұрғындарын аудан әкімінің орынбасары М. Төлеужанов құттықтап, балаларға шығармашылық табыс пен шабыт тіледі. Айта кетейік, Алакөл ауданы әкімдігінің мәліметінше, орталықтың материалдық-техникалық базасын дамытуға барлығы 19 млн. теңге бөлінеді.

Осындай тағы бір орталық Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылында ашылды. Мұндағы 120 орындық балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында қосымша музыкалық білім беруге баса назар аударылады. Оқушылар домбыра, фортепиано, гитара, баян тартып үйрене алады, вокалдан сабақ өткізіледі. Сонымен қатар сурет салумен айналысатын балалар өнер студиясы құрылды. Ескелді ауданы әкімдігінің дерегіне сәйкес орталықтың материалдық-техникалық базасын дамытуға барлығы 43 млн. теңгеден астам қаражат жұмсалған. Орталықтың ашылу салтанатына Ескелді ауданының әкімі Е. Ахметов, ардагерлер, аудан жұртшылығы қатысты.

Облыстық білім басқармасының хабарлауынша, Жетісу облысында жергілікті жерлерде балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының осындай 17 орталығы жұмыс істейді.

31 мамыр

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ



Елімізде қиын-қыстау кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын бірлікке, бейбітшілікке, ынтымаққа шақырды. Президент еліміздегі саяси жағдайға тоқтала отырып, алдағы уақытта халқымыздың әлеуетін, экономикамызды көтеруге, жұрттың әл-ауқатын жақсартуға бағыт-бағдар берді.

Мемлекет басшысы болашақ міндеттер мен одан әрі дамудың жаңа перспективаларын белгіледі. Сонымен қатар Президент бәрін қалпына келтіруді жеке жауапкершілігіне алатынын, сол арқылы жаңа міндеттер мен реформаларды іске асыруға толық дайын екенін ерекше атап өтті. Президент ел дамуының барлық негізгі бағыттары бойынша іске асырылып жатқан жобаларға сыни және кешенді талдау жасады. Біз барлық бағдарламаларды, жобаларды, тіпті бірқатар ұйымдар жұмысының орындылығын қайта қарауымыз керек.

Қазіргі уақытта алдымызда тұрған өте маңызды міндеттердің бірі – еліміз душар болған ауыр қасіретті себептерін саралап, оның салдарына нақты, объективті баға беру. Бұл уақыт еншісінде. Жұмыссыздық, төмен жалақы мен

жоғары табыстағы алшақтықтар сияқты басқа да әлеуметтік қиыншылық жағдайлардан туындаған наразылықтар, халық арасындағы толқулардың қай жағынан болсын теріс салдарлары өте жоғары екенін анық көрсетті. Осыған байланысты өз үндеуінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ендігі кезекте еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажеттігін ерекше атап көрсетті.

Біздің экономикалық саясатымыздың мақсаты айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағыт-бағдары бар нарықтық экономика құру және оны дамыту. Сондықтан кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды фактор болып табылады. Осы тұста Президент әділ бәсекелестікті экономика үшін басты талап ретінде қолдап, бағаны ымыраласа отырып белгілеуге жол берілмеу керектігін баса айтты. Сәйкес құрылымдарға осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тапсырма берді. Ел Президенті бизнеске кері әсер ететін бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойды.

Президент еліміздің жаңа экономикалық саясаты алдағы кезеңде, ең алдымен, барлық қазақстандықтың өмір сүруі мен әлауқаты жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етумен байланысты екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақсатта Қазақстан даму банкінің жұмыс форматын елдегі шағын және орта бизнесті дамытуға көмектесетіндей қайта қарауды ұсынды. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстан қоғамы Мемлекет басшысының шешімдері төңірегінде топтасуы қажет. Біз бірге барлық қиындықты еңсеріп, көздеген мақсатымызға қол жеткізе аламыз.

Бұл орайда кәсіпкерлердің ел болашағы үшін өзіне зор жауапкершілік алуға дайындығы да аса маңызды. Кешегі лаңкестік әрекеттер салдарынан шағын және орта кәсіпкерлердің зиян шеккенін көріп отырмыз. «Күшіміз – бірлікте!» деп, мемлекет кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастырып, кәсіпкерлер қоғамға, халыққа қызмет етсе, бұл өз кезегінде елдің әлауқатын арттыруға, тұрмыс деңгейін көтеруге ықпал ететініне біз кәміл сенеміз.

Жалпы, қорыта айтқанда, еліміздің ұстанымы ынтымақты, бейбіт өмір сүру, ауызбіршілік, қоғамда халықтың рухани үйлесімділігін сақтау маңызды. Осы тұста Мемлекет басшысы: «Халықтың бірлігі, Қазақстанның егемен дамуы мен тәуелсіздігі идеяларына деген шынайы сенім қоғамның топтасуы мен еліміздің ілгерілеуі үшін қуатты іргетас», – деп қорытындылады. Осы негіздегі баса назарға алып, ертеңіміздің еңселі болуы үшін бірлігімізден ажырамайық.

Қ. ТАСТАҢБАЕВ
Ескелді ауданының «Құрметті азаматы»

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА БЮДЖЕТТЕН БАЛАЛАРДЫ ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУҒА 622 МЛННАН АСТАМ ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

2023 жылы облыстық бюджеттен 622 млннан астам теңге балаларды жазғы сауықтыруға бөлінді. Бір балаға 45 мың теңге есебінен 13 838 оқушыны жазғы лагерлермен қамту жоспарланып отыр. Облыс бойынша қала сыртында 10 лагерь бар, оның 6-ы мемлекеттік, 4 - жекеменшік. Осындай ақпаратпен Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихатында Жетісу облысы Білім басқармасының дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры Айбол Қасенов пен облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Асхат Чарпаев бөлісті.

«Облыстағы қала сыртындағы 9 лагерь дайындық жұмыстарын жүргізуде. Атап өтсек, Текелі қаласында «Алтын Чажа», «Эдельвейс», «Бастау», Алакөл ауданында «Шағала», Көксу ауданында «Қарлығаш», Ескелді ауданында «Айналайын», «Көктөбе», Ақсу ауданында «Тамшыбұлақ», Панфилов ауданында «Қарлығаш». Сонымен қатар, мектеп жанындағы тамақсыз лагерлермен – 43423 баланы, экскурсиялық саяхаттармен – 5640 баланы, демалушылармен – 1004, ата-ана қаражат есебінен – 38 573, қосымша білім беруден 780, барлығы 103258 баланы қамту жоспарлануда», – деді Айбол Батырболұлы.

Спикердің айтуынша, қала сыртындағы лагерлерге облыстық білім басқармасы

тарапынан комиссия құрылып, жазғы демалыс кезіндегі дайындығына, абаттандырылуы, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау жұмыстары жүргізілді.

Ал өткен жылы сауықтыру маусымында 7 лагерь жұмыс істеп, 3531 бала сауықтырылған.

Биыл да аталған лагерьлермен қоса, Алакөл ауданында 100 орынға арналған «Жалын» жазғы сауықтыру лагері КМҚК ашылады. Сондай-ақ, Ақсу ауданында мектеп жанындағы «Тамшыбұлақ» лагері, Ескелді ауданында «Көктөбе» лагері ашылуы жоспарда.

«Балаларды тек облыс аумағындағы сауықтыру лагерлеріне ғана емес, республика бойынша жұмыс істейтін лагерлерге жолдама алуларыңызға болады. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алған қала сыртындағы балаларды сауықтыру ұйымдарының тізбесі ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің сайтында жарияланған. Бүгінде республика бойынша жыл бойы жұмыс істейтін 21 қала сыртындағы балаларды сауықтыру ұйымдары бар. Сондай-ақ, жыл сайын мектеп жанындағы алаңдар ашылады. Мұнда тамақтандыру және күндізгі ұйқы ұйымдастырылмайды. Балалар 4 сағаттан аспайтын мерзімде болып, дене шынықтыру-сауықтыру, оқу-тәрбие қызметі және мәдени бос уақытын өткізу жүзеге асырылады», – деп қорытындылады Асхат Сәкенұлы.

ҚУҒЫН-СҮРГІН МЕН АШАРШЫЛЫҚ ҚАСІРЕТІ

30-ші жылдардағы алапат ашаршылық ұлттық апат-кездейсоқ тап болған зобалаң емес. 1917-1919 ж. Түркістан Республикасына қарайтын Сырдария және Жетісу облыстарында көшпенді халықтың миллионнан астамы яғни бір ширегі опат болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тарихымыздың ақтандақтар беттеріне терең үңіліп, оларды кеңінен зерттеу ата-баба алдындағы біздің перзенттік борышымыз. Ұлт жадынан өшіруге болмайтын сондай қасіретті кездердің бірі – өткен ғасырдың басындағы ашаршылық зобалаңы екені анық.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында аштық қасіретіне тоқталып; «Тарихымыздың осы ақтандақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды жинап, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек», – деген еді.

Шын мәнінде, ашаршылық Кеңес үкіметі кезінде жабық тақырыптардың бірі саналды. Барлық құжаттармен деректер мемлекеттік құпия ретінде танылып, ғалымдар үшін қолжетімсіз болды. Тек, Тәуелсіздік алғаннан кейін тарихымыздың соқтықпалы, соқпалы жолдарына ерекше көңіл бөлініп, осы бағыттағы мәселелер мемлекеттік деңгейде көтеріле бастады. Соның арқасында бұл нәубет бір әулеттің немесе ауылдың ғана емес сол кездегі тұтас халықтың басына түскен алапат қасірет екені ашық айтылды. Сондай-ақ, жылдарда құрбан болған бабалар рухына тағзым ретінде нақты істер қолға алынды. Әсіресе, академик Манаш Қозыбаев бастаған ғалымдарымыз көптеген зертеулер жүргізіп, архивтерден құнды деректер жинап, маңызды

еңбектер жазды.

Сондай-ақ, 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді.

Ескелді аудандық кітапхананың қорын осы тақырыпты қамтитын 1. АШАРШЫЛЫҚ. ГОЛОД-атты бес томдық деректі хроникатолықтырып отыр.

«Фолиант» баспасынан 2021ж жарық көрді.

2. Автор; Смағұл Елубаевтың Ақ боз үй

Романға кешегі кеңестік кезеңдегі қазақ халқының жазылмаған шындығы, айтылмаған тарихы арқау болған. Өткен ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық зардаптары, кәмпеске кезіндегі қуғын-сүргін оқиғалары. Кітап «жазушы» бапасынан жарық көріп отыр.

3. Базархан Жақыбаев Тұлпардың тағдыры.

Қазақ халқының басына төнген 30 жылдардағы коллективтендіру, тәркіл еу, ашаршылық кезіндегі адам төзгісіз қиыншылықтар, елдің еріксіз көрші елдерге қоныс аударуы, жат жерде көзтүртікі боп көрген қорлықтары нақтылы деректермен, аянышты оқиғалармен баяндалады.

4. Құрманайқызы Л. Қайран елім. «Елорда» баспасынан 2005 жылы жарық көрді. Жазушының жаңа раманы «Хантәңірі», «Қайран елім» атты екі кітаптан тұрады. Шығармаларға кешегі кеңестік кезеңде халқымыз басынан көшірге небір зобалаң оқиғалар желі боп тартылған. 1930 жылдардағы күштеп қолхоздастырудың аяғы ашаршылыққа әкеліп, қарапайым халық қырғынға ұшырады. Одан енді ес жия бастағанда отыз жетінің нәубеті қайта үйірлі. Міне, осы жағдайлар жан-жақты баяндалады.

5. Қазақ қалаи аштыққа ұшырады. 1991 жылы «Қазақ университеті» бапасынан жарық көріп отыр.

Осы кітаптарды Ескелді аудандық кітапханасынан алып оқысаныздар болады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ЖАҢА ІРІКТЕУ ЖҮЙЕСІ

Мемлекеттік қызмет – абыройлы міндет екенін жақсы білеміз. Ал осы міндеттің мінсіз атқарылуы тікелей мемлекеттік қызметшіге байланысты. Мемлекет пен халық арасына алтын көпір орнататын мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметке іріктеу жауапты әрі маңызды жұмысы. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің бастамасымен мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі пилоттық жоба ретінде жүзеге аспақ.

Мемлекеттік қызметке іріктеу, қабылдау процесін толық цифрландыру мақсатында «Е-қызмет» жүйесінің жаңғыртылғандығын ерекше атап өткеніміз жөн. Себебі бұл жүйе мемлекеттік қызметке үміткерлерді артық құжат жинаудан босатты. Енді өзге ақпараттық жүйелерден үміткер туралы ақпарат алу, оның соттылығы, заң бұзушылықтарға қатысы бар я жоғын анықтау, тексеру, үміткердің конкурс талаптарына сай келуінің барлығын жүйе автоматты түрде өзі жасайды.

Сонымен қатар, «Eqyzmet.gov.kz» жүйесінің сыртқы порталында іске асырылатын мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі әзірленді. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметке орналасу бойынша өткізілетін конкурстық рәсімнің әңгімелесуден басқа барлық кезеңі қашықтан яғни, онлайн өткізіледі. Бұл дегеніміз, мемлекеттік қызметке үміткер еліміздің болмаса дүние жүзінің қай өңірінде жүрсе де аталған конкурсқа қатыса алады деген сөз.

Мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу жүйесінің бір ерекшелігі – іріктеу кезеңдерінен өту кезінде анонимділікті қамтамасыз ету үшін әрбір жеке тұлғаға ID нөмір беріледі. Сол арқылы конкурстың шынайы, әділ, ашық өтетіндігін тәуелсіз протокринг жүйесі қамтамасыз етіп отырады. Мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу жүйесінің форматына сәйкес, конкурс қорытындыларын ақпараттық жүйе дербес шығарады. Тестілеу жүргізілетін нормативтік-құқықтық актілердің саны бұрын 9 болса, қазір 4-ке дейін қысқарды.

Іріктеу жеке қасиеттерді, мәтіндік және сандық ақпаратпен (SHL) жұмыс істеу қабілетін бағалау, эссе жазу, мемлекеттік органың конкурстық комиссиясында әңгімелесу кезеңдері толығымен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, пилоттық жобаның тағы бір ерекшелігіне тоқтала кетсек. Ол – тестілеу мен эссе жазу кезеңдерінде үміткерлердің тәртіпті сақтауын протокринг (веб камера) қамтамасыз ететіндігі. Конкурсның іріктеу кезеңінде ең төмен бал алған үміткерді жүйе автоматты түрде бірден шығарып тастайды. Ал үздік деп танылған 3



үміткер пилоттық орган сарапшылары комиссиясының әңгімелесу кезеңіне жолдама алады. Сарапшылар комиссиясы алдын ала қалыптастырылатын мемлекеттік органның өкілдерінен, тәуелсіз бағалаушылардан тұрады.

Жалпы, пилоттық жоба 1 наурыздан бастап 31 желтоқсан аралығында Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінде, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Сауда және интеграция министрліктерінде және Ақмола, Шымкент қаласының әкімдіктерінде өтетін болады.

Пилоттық жобаның жаңа іріктеу тәсілінде үміткер Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білу тестілеуінен өтеді. Ол үшін үміткерлер «eqyzmet.gov.kz» сыртқы интернет-порталында төрт заң бойынша және мемлекеттік тілді білу тестілеуінен бір күн, яғни кез келген уақытта (24 сағат) бойынша өту мүмкіндігіне ие.

Мемлекеттік қызметке іріктеудің уақытша қағидалары бойынша үміткерлерге Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі тарапынан арнайы көмекші құрал ретінде жаднама әзірленді. Аталған көмекші құралда конкурсқа қатысудың қадамдары, үміткерлерге қойылатын талаптар, тестілеу бағдарламасы, іріктеу және конкурс кезеңдерінің сипаттамасы толықтай көрсетілген. Ең бастысы – әрбір үміткер ана тілін жетік білетін саналы, білімді, білікті, еліне адал қызмет ететін тұлға болса болғаны.

А. ЖАКСЫЛЫКОВА
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы

31 МАМЫР - САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Бұл дата елімізде 1997 жылдан бері тұрақты түрде аталып өтуде.

Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, заңсыз қудаланған азаматтардың құқығын қалпына келтіру жұмыстары Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. Яғни 1993 жылы 14 сәуірінде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. 1997 жылы Қазақстанның сол президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

Сонымен қатар 31 мамыр – ашарлықта қаза тапқандарды еске алу күні. 1921 – 1933 жылдары аралығында (1921-1922 және 1932-1933 жылдары) қазақ даласы бір емес екі мәрте ашаршылыққа ұшырады. Бұл халқымыз үшін орны толмас нәубат әкелді. Әсіресе, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық XX ғасырдағы адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған трагедия болды. Әрине, бірінші ашаршылық та сұмдық болды. Бірінші ашаршылық 1919–1922 жж. болған. Осы жылдары аштық кезінде 1,5 млн жуық адам шығыны болды. Екінші аштық – екі жарым миллион адамның қазақ халқы екі емес үш бірдей аштықты бастан өткергенін айтады. Айтуынша, үшінші аштық екінші дүние жүзілік соғыстан кейін басталған.

Яғни, Қазақстандағы ашаршылықты мынадай үш кезеңге бөліп қарастырды:

1919 - 1922 жылдардағы аштық (1,5 млн адам)

1931 - 1933 жылдардағы аштық (2,5 млн адам)

1946 жылдары болған аштық.

Бұл үшінші ашаршылық соғыстан кейінгі еліміздегі экономикалық ахуалдарға байланысты болды. Нақты адам шығыны әлі белгісіз. Өйткені, алдыңғы екеуі секілді бұл ашаршылық та халықтан өте құпия түрде ұстады. Бүгінгі зерттеулер аштық салдарынан халқымыздың жартысынан астамы қырылып қалғанын көрсетіп отыр. Ал 200 мың қазақ басқа мемлекеттерге көшіп кетті.

ҚазОАК-нің төрағасы Сейітқали Мендешевтің 1922 жылғы 8 шілдеде ҚазОАК-нің III сессиясында жасаған баяндамасында осы жылдың көктемінде алынған толық емес деректер бойынша қазақ жерінде аштыққа ұрынғандар саны 2 миллион 832 мың адамға жеткені айтылады. Ал 1920 жылдың соңында халық саны 4 миллион 781 мың 263 адам болған. Оның 50,3%-і - қазақтар, 31,2%-і - орыстар, 14,4%-і - украиндар.

Жаппай қуғын-сүргін салқыны да қазаққа оңай тиген жоқ. КСРО республикаларында репрессия 1928 жылдан басталды. Қазақ елінде алдымен Алаш қайраткерлері тұтқындалды. Оларға «ұлтшыл» деген айып тағылды. Салдарынан Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынұв, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, Абдулла Розыбақиев, Тұрар Рысқұлов, Мұхамеджан Тынышбаев, Ілияс Жансүгіров және тағы басқа зиялылар ату жазасына кесілді.

Ресми деректерге сәйкес, Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады. 25 мыңнан астам адам ату жазасына кесілді. Олардың арасында ғалымдар, мәдениет және саясат саласының қайраткерлері, дәрігерлер болды.

Репрессия жылдары Қазақстанға 800 мың неміс, 102 мың поляк, 19 мың корей, 507 мың Солтүстік Кавказ елдерінің өкілдері күштеп жер аударылды. Солармен бірге қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқа да ұлт өкілдері көшірілді. Жалпы деректерге сенсек, сол аралықта 1 миллион 500 мың адам жер аударылыпты.

Осылайша, аз уақыттың ішінде қазақ даласы лагерге айналып шыға келді. Қазақстанда АЛЖИР (отанына опасыздық жасағандардың әйелдері қамалған Ақмола лагері), Карлаг (Халықтық ішкі істер комиссариатының Қарағанды еңбекпен түзеу лагері), Степлаг (саяси тұтқындарға арналған лагерь) арнайы лагерлері құрылды.



Бұл лагерлерге қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздері ғана емес, олардың жақындары да тоғытылып жатты.

Кезінде Ақмола қуғын-сүргіннің нағыз орталығы болды. Талайдың өмірін тозаққа айналдырған 953 лагердің үшеуі еліміз аумағында құрылды. Осындағы атынан адам шошырлық АЛЖИР лагері КСРО-дағы әйелдер қамалған жалғыз азаптау орны болды. Әрі бұл лагерь ең ірі лагерь саналды. Мұнда 30 мыңдай әйел жазасын өтеді (62 ұлт өкілі болды). Талайдың тағдырын тәлкек еткен бұл тозақ орны КСРО ішкі істер халық комиссариатының бұйрығымен 1937 жылы 15 тамызда Ақмола қаласының жанындағы Төңкеріс (Малиновка) елді мекенінде құрылды. «АЛЖИР» лагері 30 га жерді алып жатты. Оның Қарағанды және Ақмола облыстарында бірнеше бөлімшелері болған. Лагерьдегі әйелдер тәулігіне 18-20 сағат жұмыс істеген. Олар лагер жанындағы «Жалаңаш» көлінен қамыс шауыпты. Олар күніне 40 бау қамыс жинауы керек болған.

Дереккөздер бойынша, елімізде 1937-38 жылдары, яғни бас-аяғы бір жылдың ішінде 125 мың адам тоталитарлық режимнің құрбаны болған екен. Солардың 22 мыңы өлім жазасына кесіліпті. Жалпы, 1921 жыл мен 1954 жылдар аралығында бұрынғы КСРО-да 3 миллион 777 мың адам жазықсыз сотталып, оның 642 мыңы атылды. Дәл осы тұста Тұрар Рысқұлов, Әлихан Бөкейханов, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұв, Абдулла Розыбақиев, Мағауи Масанчи, Ілияс Жансүгіров, Левон Мирзоян, Сәкен Сейфуллин, Санжар Асфендияров, Халел Досмұхамедов пен Жаһанша Досмұхамедов қатарлы қазақ зиялылары, мәдениет қайраткерлері жазықсыз атылды.

Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасында Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Осылайша «халық жаулары», «ұлтшылдар», «исламшылар», «түркішілдер», «жапония тыңшылары» және т.б. желеулермен қазақтың бас көтерген зиялыларынан бастап, қарапайым еңбек адамдары да жазықсыз саясаттың құрбандығына шалынды. Қазақ зиялыларының әйелдері де бұл жазадан тыс қалмады. Күйеуінен бас тартпаған әйелдерді қамаған. Бұл лагерь «Алжир» деген атпен тарих беттерінде қалды.

Осының салдарынан ұлт зиялылары – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек

Аймауытулы, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндер сталиндік саясаттың құрбанына айналып, атылып кеткен болатын.

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы сәуірдің 14-інде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады.

Жыл сайын Қазақстанда 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде аталып өтіледі және қазақ халқының ұлттық сана-сезімі тұрғысынан маңызды күн болып табылады.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні қазақ халқының өткені тағы бір мәрте еске алуға, қаза тапқан батырлардың рухына тағзым етіп, тәуелсіздігімізді бағалауға септігін тигізеді.

Қазақ халқының мүддесін қорғайтын зиялы қауымының тұтас бір ұрпағы қуғын-сүргін кезінде жойылды дегуе болады. Қазақ халқының жартысынан көбі ашаршылықта қырылды, бұл оқиғаларды ел ұмытпайды. Бұл бір жағынан халық арасындағы ұлтжанды, зиялы қауымды жою, сол арқылы халықтың ұлттық болмысы мен бірлігіне соққы беру, екінші жағынан халықты тікелей жою әрекеті еді.

Иосиф Сталин басқарған жылдары қазақ халқының зиялы қауымы халық жауы болып жарияланып, қысымға, қуғын-сүргінге, қанды қырғынға ұшырады. Осы саясаттың аясында 100 мыңнан астам адам жер аударылды, 25 мыңнан астам адам өлім жазасына кесілді.

Әлем әдебиетінде «Үлкен терор» атанған КСРО-дағы қуғын-сүргін кезеңін Қазақстанда да ұмыту мүмкін емес. 1993 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданды. 340 мың адам сауықтырылды.

1997 жылы 31 мамыр қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

Тәуелсіз Қазақстанда алғашқы болып қабылданған заңдардың бірі де осы – «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң еді. Аталған заң 1993 жылы 14 сәуірде қабылданды.

мал олардың негізгі азықтанудың жалғыз көзі болған. Тәркілеуге 4,5 миллионға жуық мал басы (ірі қара малға қайта есептегенде) алынған 11 260 шаруашылық кірді.

Салдарынан 1931-1933 жылдары 1 млн адамнан (Роберт Конквесттің бағалауы бойынша) 1,75 млн адамға дейін (Абылхожин, Қозыбаев және Татимовтың бағалауы бойынша) қайтыс болады. 1 миллионға жуық қазақтарды Ресей Федерациясының шекаралас Қазақ АКСР өңірлеріне, соның ішінде Қырғыз АКСР, Қарақалпақ АКСР, Саратов, Сталинград және Орта Еділ өлкелеріне, Орынбор, Челябинск, Омбы облыстарына, сонымен қатар Батыс Сібір өлкесіне көшіруге мәжбүр болды.

Әсіресе бұл заңсыз жазалауға Кеңес одағы құрамында болған барлық халық пен ұлттардың бетке ұстар интеллигенция өкілдері ұшыраған.

Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Тұрар Рысқұлов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Халел Досмұхамбетов, Жаһанша Досмұхамбетов, Абдулла Розыбақиев, Мағауи Масанчи сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары болды.

Ал Қазақстан аумағында орналасқан лагерлерге корейлер, поляктар, Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары және басқа да ұлт өкілдері қоныс аударылып келген. Осы қуғын сүргін жылдарында бүкіл елде 953 лагерь болған. Қазақстанда ГУЛаг-тың 20-дан астам лагері орналасқан. Атап айтқанда «Халық жауы» әйелдерінің Ақмола лагері (АЛЖИР), Қарағанды еңбекпен түзету лагері (Карлаг), Дальний, Степной, Песчаный, Камышлаг, Ақтөбе, Жезқазған лагері, Петропавл лагері, Кингир және Өскемен лагері және тағы басқалары болды. Сонымен қатар НКВД репрессияға ұшырағандардың отбасы мүшелерін де соттады.

Сонымен қатар 2016 жылы Алматыдағы Қарағайлы саябағына 1930 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш-мемориал орнатылған. Эскиз жобасының авторлары: Дулат Үсенбаев, Айдос Бүркітбаев және Қанат Бегулиев. Қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған ескерткіш «Ана» деп аталады. Ескерткіш аштықтан қажыған баланы кеудесіне қысып алған ана бейнесінде жасалған. Кеңес Одағында И. Сталин қайтыс болғаннан кейін хрущевтік «жылымық» кезінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау басталып, ол бірнеше кезеңнен тұрды. Одақтың жоғары органдары қолға алған алғашқы – «хрущевтік» (1953 – 1961 жж.), содан кейінгі – «горбачевтік-яковлевтік» (1988 – 1991 жж.) ақтау кезеңдерінің, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның

билігі жүргізген ақтау шараларының басты кемшілігі олардың осы аса маңызды әрі қасіретті проблема бойынша оңыреттеу нысанасын жан-жақты зерттемей, Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргіндердің мерзімдерін, құрбандардың ауқымын саналы түрде қысқартып, олардың ұлттық ерекшелігі мен негізгі санаттарын ескерместен, мемлекеттік актілер қабылдауынан көрінді. Өкінішке орай, «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау кезінде де осы және басқа да өрескел қателіктер тағы да қайталанды.

Осы Заңды, сондай-ақ басқа заңнамалық және нормативтік актілерді әзірлеу мен қабылдау кезінде, тіпті ғылыми зерттеулер барысында саяси қуғын-сүргіннің ұлттық қазақ кісіні, біріншіден, адам және азамат ретінде, екіншіден, қазақ халқының мүддесі мен құқықтарының өкілі әрі иесі ретінде қуғындау жөніндегі екіжақты табиғаты, екіжақты мәні мен екіжақты мақсаты болғаны ескерілмеді. Өкінішке орай, бұл ерекшелік күні бүгінге дейін ескеріліп отыр (бұл бойынша талдамалық анықтама дайын). Соның салдарынан құрбандар мен жапа шеккендердің Қазақстанға тән белгілі бір санаттары қолданыстағы заңнаманың құқықтық реттеу аясына қамтылмай, тыс қалды.

Елімізде мемлекеттік зорлық-зомбылықтың, соған сәйкес саяси қуғын-сүргін құрбандарының осыншалықты орасан көп болуына басқа себептерден бөлек, большевиктік-сталиндік биліктің біздің жерімізде Қазқрайкомның Бірінші хатшысы Ф. Голощекин бастама жасаған, сипаты жөнінен – халыққа қарсы, салдары жөнінен аса қанқұйлы жоба «Қазақстандағы кіші қазан» сияқты бағдарламаларды саяси эксперимент ретінде жүзеге асырғаны себеп болды. Мұндай бағдарламалардың «табысты» түрде іске асырылуы жеке халықтың капитализмді аттап өтіп, феодализмнен социализммен коммунизмге бірден көшетіні жөніндегі ортодоксалды-маркстік догманың дұрыс екенін дәлелдеуге тиіс еді. Орайы келгенде айта кетейік, «Алаштың» білімді басшылары сол кездің өзінде Қазақстанның бұдан өзгеше, өркениетті, еуропалық даму жолын ұсынған болатын. Бүгінгі тарих «алашордалықтардың» ақиқат жолды таңдағанын айғақтап отыр.

Дегенмен еліміздегі бірқатар тарихшылар саяси қуғын-сүргін құрбандарын және сол жылдардағы оқиғаларды әлі де зерттеу керек деп есептейді. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді репрессия тарихы өте ауқымды тақырып екенін айтып жүр. Оның түрлі бағыттағы, салалары бар. Оның айтуынша, біз саяси қуғын-сүргін құрбандарын салаға бөліп, зерттеуіміз керек.

Мысалы, репрессияның ашылмай жүрген бір бағыты – биліктің ғалымдарды қудалауы. Бұл ретте ауызға ал-дымен ХХ ғасырдағы ұлттық ғылым бағыттарының негізін қалаушы Алаш зиялылары оралады. Кеңестік билік оларға байланысты репрессия жүргізген уақытында зиялыларды ғалым ретінде емес, саяси көзқарастары үшін қудалады. 30-жылдары жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлт зиялыларының қызметі мен міндеті принциптік өзгерістерге ұшырады. Қазақ қоғамының қандай бағытта дамуы мен мазмұнын анықтау кеңестік биліктің қолында көшті. Қазақ зиялылары ХХ ғасырдың батысында осы міндеттерді өздері атқаруға тырысты, бірақ бұл міндеттен олар біржола ығыстырылды. Реформау және оның мазмұнын белгілеуде билікке тартылған қазақ азаматтарына тек орындаушылық міндет жүктелді. Осыны түсінген Алаш зиялылары ендігі жерде тек ағартушылықпен айналысуға, ғылымға ден қоюға мәжбүр болып, өздерін осы салада танытуға тырысты. Өйткені оларға мемлекеттік басқару ісінде өз қабілеттерін танытуға біржола шек қойылды. Патшалық билік сепкілді кеңестік билікте де зиялылардың көзқарастарын сепаратистік деп бағалады, – деп айтылады.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА: МАЛШЫЛАР КООПЕРАЦИЯ ҚҰРУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР



«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында Жетісу облысына ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында 3,2 млрд теңге бөлінеді. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгіновтің Кербұлақ ауданы тұрғындарымен кездесуінде айтылды.

Бағдарламаға қатысуға Жетісу тұрғындарынан 550-ге жуық өтініш түскен, олардың 90%-ға жуығы мал өсірумен және сүт өндірісімен айналыспақ. Мал шаруашылығы бойынша жобаларын ұсынған тұрғындар кооперация құруды жоспарлап отыр.

Қауымдастық 27 млн теңге көлемінде несие алуға көмектеседі, ал ауыл шаруашылығы техникасы са-

тып алынған жағдайда, оның 50%-ын мемлекет субсидиялайды. Кооперация арқылы жем-шөпті бірлесе сатып алуға, дайын өнімді сатуға, есеп шот жүргізуге болады, — деді Алтай Көлгінов.

Кербұлақ ауданы туристерге, әсіресе шетелдік туристер үшін тартымды өңір. Сол себепті белсенді ауыл тұрғындары туристік жобаларды да ұсынып отыр. Өңірдің қант қызылшасын өсіруге әлеуеті жетерлік. Еліміздің бірнеше аймағында қант қызылшасы өсірілгенімен, әр маусым сайын қант тапшылығы сезіледі. Мұның алдын алу үшін, жеке меншіктегі ірі шаруа қожалықтарымен бірлесіп, осы бағытты дамытуға зор мүмкіндік бар.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында сүт

тауарлы фермалар сынды негізгі жобаларға қолдау көрсетіледі. Бұл, өз кезегінде, тұтынушыларды елімізде өндірілген сүтпен қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы бекіткен «Ауыл аманаты» бағдарламасының мақсаты — ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту. Бүгінде республика бойынша ауыл-аймақта 18 мыңнан астам жеке қосалқы шаруашылық құру үшін 100 млрд теңге бөлінді. Бұл бірегей бағдарлама арқылы ауыл тұрғындарына 2,5%-бен 8 млн теңгеден астам несие беріледі. Өңірдің ауыл шаруашылығы саласы бойынша зор әлеуетін ескере, оны әрі қарай дамыту өте маңызды, — деп атап өтті Премьер-Министрдің орынбасары.

primeminister.kz

ЧТО ТАКОЕ ЭХИНОКОККОЗ И ЧЕМ ОН ОПАСЕН?

Эхинококк - один из самых опасных паразитов. В группе высокого риска - охотники, чабаны, пастухи, работники животноводческих хозяйств, зоопарков, работники меховых мастерских, ветеринарные работники, лица, занятые отловом собак, владельцы собак, сборщики и закупщики грибов, ягод, то есть все лица, имеющие контакт с дикими лисами, домашними собаками и кошками, которые имеют возможность охотиться на диких грызунов, инфицированных эхинококком, а также члены их семей.

Контакт с инфицированными собаками, особенно тесный контакт между детьми и их домашними собаками, может привести к заражению человека. Проглатывание почвы, воды и овощей, не прошедших должную обработку, зараженных инфицированными собачьими экскрементами, также может привести к заболеванию эхинококком. Зародыши паразита в огромном количестве выходят во внешнюю среду с выделением собак и сохраняют жизнеспособность в течение нескольких месяцев, а иногда и нескольких лет, попадают в сточные воды. Основным механизмом за-

ражения человека — алиментарный, контактно-бытовой. Заражение человека происходит при контакте с шерстью животных — хозяев гельминтов (часто собаки), при сборе ягод и трав, питье воды из загрязненных источников, употребление в пищу овощей и фруктов, загрязненных фекалиями окончательного хозяина (например, собаки).

Заболевание долгое время может иметь скрытое течение, сигналов, являющихся поводом для беспокойства со стороны организма может не быть. Тем временем, в течение нескольких лет, в органах инфицированного человека происходит медленное формирование кист.

В результате роста кист инфицированный эхинококком человек начинает ощущать дискомфорт, при расположении в печени появляются боли различной интенсивности в правом подреберье, чувство тяжести, давления, слабость, недомогание, быстрая утомляемость, снижение активности, иногда аллергические реакции, желтуха. Отмечается увеличение печени. При расположении эхинококковой кисты в легком возникают боли в грудной клетке, кашель, одышка. Разрыв кистозной оболочкой может привести к развитию аллергической реакции и летальному исходу. Единственный способ лечения — операция. Часто эхинококковые кисты обнаруживают

во время проведения профилактического обследования при рентгенологическом или ультразвуковом исследовании.

Профилактика заболевания заключается в предупреждение заражения человека, сельскохозяйственных животных, собак. Основным в профилактике заражения эхинококком человека является соблюдение правил личной гигиены, и недопущение попадания в рот яиц паразита как с шерсти собак и объектов окружающей среды, загрязненных фекалиями больных животных, так и при сборе грибов и ягод.

Необходимо ограничивать близкие контакты с собаками детей, тщательное мытье рук после контакта с животными поможет избежать заболевания.

Важными являются ветеринарные мероприятия, направленные на утилизацию мясных отходов зараженных домашних животных (недопущение скормливания их собакам), своевременное выявление больных животных и их лечение, ограничение убоя овец и других сельскохозяйственных животных в домашних условиях.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель Ескельдинского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля;
Е.МАКСИМОВА,
Ведущий специалист

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫМЕН ҚЫМЫЗХАНА АШПАҚ



Мемлекеттік қолдаудың көмегімен Жетісу тұрғыны қымызхана ашуға ниетті. Өзі жылқы өсірумен айналысатын кәсіпкер бизнесмені алғашқы қадамын «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша оқудан бастап, мұнан соң ауылдық жерде мал шаруашылығын дамытуға арналған «Игілік» бағдарламасымен несие алып, оған жылқы сатып алған, деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ауыл шаруашылығымен айналысуды жөн көрдім, бұл қиын болса да, пайдалы іс. Халық таза өнім тұтынғысы келеді, сұраныс бар. Сондықтан мемлекеттік қолдау шараларына жүгініп, жеке бизнесімді ашуға бел байладым. Алдымен тегін курстан өтіп, бизнес негіздері бойынша білім алдым, енді өз ісімді ашуды қолға алып отырмын. Кәсіпкерлер палатасының қолдауымен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-дан несие алып, іс бастадым, — дейді кәсіпкер Айкамап Хамит. Кәсіпкерлер палатасы өңірлік филиалының мәліметінше, Ескелді ауданы Ақын Сара ауылының тұрғыны Айкамап Хамит 6%-пен 4 млн. теңге көлемінде несие қаражатын алып, 12 жылқы сатып алған, қазір жылқы өсіріп, қымыз өндірумен айналысып отыр. Бүгінде оның шаруа қожалығында 18 жылқы бар. Бірақ кәсіпкер мұнымен тоқтап қалған жоқ. Мемлекеттік мүлкті сенімгерлік басқару конкурсын ұтып, ауылда

қараусыз қалған ғимаратты өз күшімен қалпына келтірді. Бұл ғимаратта қазір шаштараз, наубайхана орналасқан, осы жерде «Қазпошта» АҚ филиалы да жұмыс істейді. Мысалы, ауданның 4 елді мекенінің тұрғындары үшін наубайханада күн сайын 250-ден 500-ге дейін нан пісіріледі. Ауыл тұрғындары шаштараз қызметіне де жиі жүгінеді.

Ауыл тұрғындары үшін мұндай шағын бизнес аса маңызды. Қазіргі уақытта кәсіпкер 5 тұрақты жұмыс Кәсіпкерлер палатасы директорының қолдауымен ашқан «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысуға өтініш берген, қазіргі кезде 3 млрд. 286 млн. теңгеге көбейту үшін «Ауыл аманаты»

несиелеу бағдарламасының 2,5%-бен берілетін несиесінің мүмкіндіктерін пайдаланғысы келеді. Өз қымызханасын ашу үшін қымыз өндіру көлемін де ұлғайту тиіс, бұл өз кезегінде ауылдық жерде ашылатын жұмыс орындары санының өсуіне оң ықпалын тигізеді. Сондай-ақ ол 5 млн. теңгеге дейін өтеусіз грант конкурсына қатыссам деп отыр, жобаны облыстың әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы сүйемелдейді.

Жалпы Жетісу облысында 30 ауылдық округтан 562 тұрғын ауылдағы кәсіпкерлікті қолдауға арналған «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысуға өтініш берген, қазіргі кезде 3 млрд. 286 млн. теңгеге көбейту үшін «Ауыл аманаты»



ЖЕТІСУДА «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУҒА 3,2 МЛРД. ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРАЖАТ БӨЛІНДІ



Ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыруға Жетісу облысына быыл 3 млрд. 202 млн. теңге бөлінді. Жоспар бойынша 581 микрокредит беріледі, яғни 10 ауыл шаруашылығы кооперативі 297 млн. теңге сомаға қаржыландырылады, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, қазіргі кезде 30 ауылдық округтен 562 адам несие алуға ниет білдірген. 3 млрд. 286 млн. теңге сомасына жобалар пулы қалыптастырылды.

Бұл қаржыға 14 мың бас мал мен құс сатып алынып, 160 басқа арналған 3 отбасылық мал бордақылау алаңы, жалпы аумағы 2,7 га болатын 18 жылыжай, 20 басқа арналған 1 сүт фермасы және шағын, орта бизнесінің басқа да 52 нысаны ашылады деп межеленіп отыр. Олардың қатарында ТҚО, тігін цехы, қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету нысандары, металл, бетон конструкцияларын, құмды блоктар, биогумус шығаратын шағын кәсіпорындар т.б. бар. Бағдарлама бойынша берілетін несиеге өтініш қабылдау осы жылдың 22 мамырынан басталды, алғашқы несие 20 маусымда беріледі деп жоспарланған.

Барлық сұрақтар бойынша жергілікті жерлердегі әкімдіктерге, сол сияқты Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 113 мекенжайында орналасқан «Жетісу» ӨКК-ге хабарласуға болады, тел.: 8 (7282) 32-97-20, ішкі байланыс нөмірі 231.



ҚАЗАҚСТАН ҮЗДІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕЛЕРІ БАР ЕЛДЕР РЕЙТИНГІНДЕ ТМД БОЙЫНША КӨРШІЛЕРІНЕН ОЗЫП КЕТТІ

Сақтандыру компаниялары мен активтерді басқарушылар арасындағы әлемдік көшбасшы Allianz өзінің Жаһандық зейнетақы есебінің (API) жаңа басылымын шығарды. Онда әлем бойынша 75 зейнетақы жүйесін талдау нәтижесінде Қазақстанның зейнетақы жүйесіне 3,5 балдық API рейтингі берілді. Осылайша қазақ елі ТМД бойынша көршілес, сондай-ақ Испания, Чили, Сингапур, БАӘ және басқа мемлекеттерден озып кетті. Бұл нәтижелер Қазақстанның зейнетақы жүйесі Allianz компаниясы талдау жүргізген басқа елдермен салыстырғанда зейнетақы төлемдерінің тұрақтылығы мен ақылға қонымындылығы бойынша орташа деңгейден сәл жоғары екенін білдіреді.

Есеп 2023 жылғы наурыздағы жағдай бойынша өзекті деректер негізінде қалыптастырылды. Allianz зейнетақы индексі (API) зейнетақы жүйелерінің тұрақтылығы мен сенімділігін кешенді бағалауға арналған. Ол үшін ішкі индекс пен тәуірлік және 1-ден 7-ге дейінгі шәкіл бойынша бағаланған 40 түрлі өлшемді қамтиды. Мұндағы 1 саны ең жақсы нәтижені білдіреді.

Есепке сәйкес, барлық зерттелген зейнетақы жүйелері үшін орташа балл 3,6 деңгейінде. Бұл көрсеткіш COVID-19 пандемиясынан кейінгі көптеген елдердегі шектеулі мүмкіндіктерді ескерсек, алдыңғы жылдармен салыстырғанда біршама жақсы. Одан кейін жаһандық саяси оқиғаларға байланысты энергетикалық дағдарыс пен азық-түлік бағасының өсуі орын алып, бұрын-соңды болмаған жаһандық гиперинфляция болды. Зейнетақы реформаларының қажеттілігіне қарамастан, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижеге тек кейбір елдер ғана қол жеткізді. Индексің жоғарғы бөлігінде 3-ке дейін қорытынды балмен Дания, Швеция және Нидерланды орналасқан. Өйткені, олардың зейнетақы жүйелерінде өмір сүру ұзақтығының өзгеруіне байланысты ресми зейнет жасын автоматты түрде түзету қарастырылған, сондай-ақ, олардың кәсіби мықты және жеке жинақтаушы зейнетақы құрамдауыштары тағы бар.

Allianz нұсқасы бойынша ең жақсы зейнетақы жүйесі бар ел Дания болды. Бұл елге 2,2 деген балл берілді. Одан кейін Нидерланды мен Швеция, 2,6 балдан жинады. Келесі орында Жаңа Зеландия – 2,8 балл. АҚШ, Тайвань және Израиль – 2,9 балл, Бельгия мен Австралия – 3,0 балл. Алғашқы ондықтықты 3,1 балмен Оңтүстік Корея аяқтайды. Рейтингітегі ең төменгі орындарды Марокко, Ливан және Біріккен Араб Әмірліктерінің зейнетақы жүйелері иемденіпті. Бұл елдерге зейнетақы жасының төмендігі, халықтың зейнетақы жүйесімен қамтылуының нашарлығы және халықтың тез қартаюу мәселелері тән. Зейнетақымен қамтудың төмен болуына ықпал ететін факторлардың бірі – көптеген дамушы елдерде бейресми жұмыспен қамтудың басымдығы. Бұл зейнетақы жүйесін реформалаумен қатар еңбек нарықтарын да реформалау қажеттілігін көрсетеді.

Allianz есебінде халықтың қартаюу мәселесіне баса назар аударылады. Себебі, бұл демографиялық үдеріс әлемдегі зейнетақы жүйелерінің басты сын-қатерлерінің бірі. 2050 жылға қарай

дүние жүзінде шамамен 1,6 миллиард адам 65 немесе одан да көп жасқа жетеді деп болжануда. Оның 1 миллиардқа жуығы Азияда (Үндістан мен Қытайда). Өмір сүру ұзақтығының динамикасы 2023 жылғы 73,4 жас орташа әлемдік көрсеткіштен 2050 жылға қарай 77,2 жасқа дейін ұлғаяды деп күтілуде.

Сондықтан ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және болашақ ұрпаққа шамадан тыс жүктемені болдырмау үшін зейнетақы жүйелерін демографиялық өзгерістерге дайындау өте маңызды.

Allianz тұрақтылық пен жеткіліктілік арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін атап көрсетеді. Ол үшін өндірісті дамыған елдердегі мемлекеттік жәрдемақыларды қысқарту және қарттардың лайықты өмір сүру деңгейіне жету үшін қосымша зейнетақымен қамсыздандыру (кәсіби және жеке зейнетақы жоспарлары) қажет болуы мүмкін

Соңғы жыл ішінде кейбір елдер өздерінің зейнетақы жүйелерінің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен лайықты деңгейін арттыру үшін біршама шаралар қабылдады. Солардың ішінде кейбір елдерде (Франция) зейнет жасын ұлғайту, барлық жеке сектор қызметкерлері үшін міндетті зейнетақы жарналарын енгізу (Камбоджа) және капиталдан (зейнетақы жинақтары) қаржыландырылатын жеке қамтамасыз ету үшін қосымша ынталандыруды енгізу қарастырылды. Алайда статистика деректеріне сәйкес, көптеген елдерде зейнетке шығу жасы өмір сүру ұзақтығының өзгерісін көрсетпейді: 75 елдің сегізін ғана зейнетке шығу жасын күтілетін өмір сүру ұзақтығының өзгерістеріне заң деңгейінде автоматты түрде байланыстырған. 33 мемлекет зейнетке шығу жасын 2050 жылға дейін көтеруді жоспарлап отыр.

Allianz атап өткендей, зейнетақы жүйелерінің лайықты деңгейі тек қаржылық тұрақтылықпен ғана емес, сонымен қатар төлем деңгейімен, сондай-ақ, табысты алмастыру коэффициентімен де анықталады. Зейнетақы жүйесінің бірінші деңгейіндегі зейнетақыларды алмастыру коэффициенті Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес орташа жалақының 40%-нан 60%-на дейін болуы тиіс. ЭЫДҰ-ның соңғы статистикасы ең жоғары зейнетақы жүйелерінің бірі Бразилияда екенін көрсетті, ондағы табысты алмастыру коэффициенті 89% тең. Ал Кения, Ливан және Оңтүстік Африкада алмастыру коэффициенті небәрі 15%. Германия, АҚШ және Жапонияда зейнетақыны алмастыру деңгейі 30% басталып 40% сәл асатын деңгей арасында құбылып отырады. Қазақстандағы табысты алмастыру коэффициенті 2022 жылғы ортақ зейнетақыны ескергенде, шамамен 46% тең.

Өз есебінде Allianz сарапшылары тұрақты және лайықты зейнетақы жүйесін құрудың мықты жинақтаушы құрамдауыш енгізілген жағдайда қол жеткізуге әбден болатын үрдіс екенін атап өтті.

Allianz зейнетақы жүйесін реформалауды еңбек нарығын қайта құрудан бастауға кеңес береді: экономикасы дамушы елдердегі ресми жұмыспен қамту үлесін арттырмай және дамыған елдердегі егде жастағы жұмысшыларды жұмыс күшіне тартпай, тіпті ең жақсы дамыған зейнетақы реформалары да нәтиже бермейді.

«ХИМИЧЕСКАЯ КАСТРАЦИЯ — ЭТО НЕ ЛЕЧЕНИЕ»: ПЕДОФИЛОВ В КАЗАХСТАНЕ ПРЕДЛАГАЮТ ЛЕЧИТЬ ИНАЧЕ

В СЦК презентовали изменения в законодательные акты, согласно которым химическую кастрацию в стране предлагают больше не приравнивать к понятию «лечения педофилов», передает корреспондент Nur.kz.

Вице-министр юстиции Алма Муканова сообщила, что законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам оптимизации Уголовного, Уголовно-процессуального и Уголовно-исполнительного кодексов» уже находится на рассмотрении в мажилисе.

ХИМИЧЕСКАЯ КАСТРАЦИЯ ПЕРЕД ОСВОБОЖДЕНИЕМ

В рамках законопроекта предлагается начинать и проводить химическую кастрацию в отношении осужденных педофилов непосредственно перед их освобождением, а не во время отбывания наказания, так как осужденный находится в местах лишения свободы, т.е. в изоляции, и не представляет общественную опасность.

В сравнительной таблице на сайте мажилиса также сообщается, что проведение химической кастрации по прибытии в учреждение является экономически затратным и невыгодным.

ХИМИЧЕСКАЯ КАСТРАЦИЯ — НЕ ЛЕЧЕНИЕ

Еще одно изменение предлагается внести в статью 93 Уголовного кодекса РК «Виды принудительных мер медицинского характера»: ... 5) принудительное лечение в виде химической кастрации и лечение склонности к сексуальному насилию и расстройству сексуального предпочтения». Данный пункт предлагается изменить так, чтобы химическая кастрация больше не приравнивалась к лечению: «Суд может



назначить следующие виды принудительных мер медицинского характера: ... 5) химическую кастрацию и лечение склонности к сексуальному насилию и расстройству сексуального предпочтения».

Как поясняется в сравнительной таблице на сайте мажилиса, химическая кастрация лишь гасит половое влечение осужденного, но не лечит его психическое расстройство. «Химкастрация — это не лечение. (...) Это прием препаратов, снижающих половое влечение. Таким образом, химкастрация не направлена на лечение психических расстройств сексуального характера. Она просто «гасит», в целом, половое влечение. А педофил так и остается педофилом и может удовлетворять свои потребности в какой-нибудь другой извращенной форме. Поэтому необходимо параллельно назначать меры, направленные на лечение указанных отклонений», — говорится в документе.

Как пояснил на брифинге в СЦК замглавы КУИС Мейрам Аюбаев, химическая кастрация в Казахстане сегодня проводится с помощью инъекции в мышцу антиандрогенного препарата, который подавляет сексуальное влечение.

Напомним, принудительные меры медицинского характера в виде химической кастрации в Казахстане назначают с 1 января 2018 года. В декабре 2019 года стало известно, что 11 мужчин, признанных виновными в педофилии, принудительно кастрируют. На тот момент курс принудительной кастрации проходили еще 4 осужденных. В апреле 2021 года в МВД сообщали, что в учреждениях КУИС отбывают наказание 25 осужденных, которым приговором суда назначены принудительные меры медицинского характера в виде химической кастрации. К слову, один из педофилов после кастрации рассказал о невыносимых болях.

«Очень сложно все это, даже врагу такого не пожелаешь. Я прошу помощи и хочу обратиться ко всем, чтобы отменили эту кастрацию, я еще надеюсь вернуться домой и продолжить жить, хочу семью и детей. После инъекции все тело болит так, что ходить сложно, да и вообще это страшно», — признался осужденный.

1 МАУСЫМНАН МӘМС БОЙЫНША КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР 1414 АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕДІ



Халықтың қоңырау шалу мүмкіндігін арттыру және «жоғалған» қоңыраулардың үлесін қысқарту үшін МӘМС және медициналық көмек алу мәселелері бойынша консультацияларды 1414 бірыңғай байланыс орталығы ұсынады. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры хабарлады.

Қазіргі уақытта бірыңғай медициналық ақпараттық байланыс орталығы 1406 нөмірі бойынша жұмыс істейді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының байланыс орталығы 2019 жылдың қыркүйегінде іске қосылды, ал 2020 жылы 1406 коронавирусқа қатысты сенім телефоны болып

жарияланды. Осы жылдардың ішінде азаматтардан 2,4 млн-ға жуық өтініш қабылданып, өңделді. Олардың 90%-дан астамы консультативтік сипатта болған. Қорға көбінесе Астана, Алматы қалаларының, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды облыстарының тұрғындары өздерін мазалаған сұрақтар бойынша жиі жүгінеді. «Күн сайын азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы хабардарлығы артып келеді. Адамдар өз құқықтарын зерделеп, қызығушылық таныта бастады және олар өз жағдайларын түсініп, келеңсіздіктерді шешуге көмектесуді сұрайды. Бүгінгі таңда өтініштер көбейіп келеді. 1414 операторлары 9.00-ден 21.00-ге дейін консультативтік

сипаттағы сұрақтар бойынша қоңыраулар қабылдайды әрі оларға жауап береді. Егер ситуациялық сипаттағы өтініштер тереңірек зерделеуді қажет етсе, онда қор медциналдық ұйымдардың өкілдері өңдейтін екінші және үшінші желілерге жолданады. Бұл ретте Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, fms.kz ресми сайты немесе Telegram-дағы @SaqtandyruBot сияқты Қордың баламалы байланыс арналары бұрынғыдай жұмысын жалғастыратын болады. Оператордың жауабын күтіп, уақытты жоғалтқысы келмейтін азаматтар өз сұрақтарын сол арналарға жібере алады.

Сондай-ақ Электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебенің тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН АЗАМАТТАР САНЫН ҚЫСҚАРТУ БОЙЫНША ӨНІРЛІК ШТАБ ҚҰРЫЛАДЫ



Бүгін Жетісу облысы әкімінің орынбасары Рустам Али төрағалығымен ТМҚК және МӘМС шеңберінде медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша Өңірлік штаб құру туралы шешім қабылданған кеңес өтті. Жиналысқа МӘМС мәселесіне мүдделі барлық мемлекеттік органдар өкілдері қатысты: Жетісу облысы бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы, аудандар мен қалалар әкімдерінің орынбасарлары, денсаулық сақтау, қоғамдық даму, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, білім беру басқармалары, Еңбек және әлеуметтік қорғау, қорғаныс істері, полиция департаменттері, көші-қон қызметі, С. Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың ұлттық ғылыми орталығының облыстық филиалы. «Қазіргі таңда Ұлттық статистика бюросының ресми деректері

бойынша облыста 698 757 адам медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған. МӘМС-ке төлем жасау барлығы үшін міндетті болып саналатынына қарамастан, өңірде 165 754 адам (23,7 %) әлі күнге дейін сақтандырылмаған. «Сақтандыру» ақпараттық жүйесінің деректері бойынша облыстың 127 718 адамы сақтандырылмаған. Яғни, сақтандырылмаған адамдардың 30 мыңнан астамы біздің медициналық ұйымдарға тіркелмегені және ол жеке тұлғалар туралы ешқандай деректер жоқ екені белгілі болды. Олар кім екені белгісіз. МӘМС жүйесіне тарту бойынша осы контингентпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік жоқ. Бұл мәселеде барлық мүдделі мемлекеттік органдардың құзыреті бойынша өзара іс-қимыл қажет. Осылайша, отырыстың негізгі мақсаты халықты МӘМС жүйесіне тарту және құзыреті бойынша шешімдер

қабылдау үшін жауапты ведомстволар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру болып табылады. Әлеуметтік маңызды мәселені ерекше бақылауға алғаны үшін облыс әкімінің орынбасарына алғыс білдіремін», - деді Жетісу облысы бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру Қоры филиалының директоры Гульзия Таипова. Жиналыс қорытындысы бойынша облыс әкімінің орынбасары атқарушы органдарға Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Заңның 26-бабына және Үкіметтің 2021 жылғы 22 қыркүйектегі № 660 қаулысына сәйкес, 15 жеңілдік санаттағы азаматтардың (балалар, студенттер, жұмыссыздар) МӘМС жүйесінде әлеуметтік мәртебесін өзектендіруге тапсырмалар берілді. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Мемлекет басшымыз елімізде жемқорлықтың дендеп кеткеніне алаңдаушылық білдіріп, қоғамға қауіпті дерт екенін айтты.

Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылады. Бұл – батпандап кіріп, мысқылдап шығатын кесел. Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертең кеш болуы мүмкін – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы жемқорлықтың ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің болашағына нұқсан келтіретінін айтты. Осы аталған мәселелерге ортай Ескелді ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің жеке құрамы бұл дертпен бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлесіп күресуге шақырып, әр жұмыс күні бөлім қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық – қарапайым ғана құқық бұзушылық емес, ол мемлекеттің нәтижелігіне сенімді құртады және қоғамның тікелей қауіпі болып табылады.

Абылай НАЙЗАБЕКОВ,
Аудандық ТЖБ бастығы азаматтық қорғау майоры

СОБЛЮДАЙТЕ ПРАВИЛА ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ПЕРИОД ПРОВЕДЕНИЯ ЛЕТНИХ ЛАГЕРЕЙ

Как свидетельствует статистика, виновниками большинства пожаров являются дошкольники или ученики младших классов. Подростки тайком от родителей пробуют курить в подвалах на чердаках и в других укромных местах, что также часто приводит к пожарам и несчастным случаям.

Уважаемые руководители школ и летних лагерей, в каждой школе, а также в лагерях будет организовываться летний отдых детей. В связи с чем необходимо принять все меры чтобы защитить детей от пожара, для этого руководители объектов где будут размещаться детские летние лагеря обязаны на вверенных им объектах выполнить комплекс противопожарных мероприятий, а именно: - места отдыха детей обеспечить первичными средствами пожаротушения согласно норм положенности; - в помещениях летних лагерей произвести испытание электропроводов на замер сопротивления изоляции; - на электроосветительных точках с лампами накаливания установить плафоны закрытого исполнения; - монтаж электропроводки произведена согласно требований ТНУЭ; - разработать и вывесить на видных местах инструкции о мерах пожарной безопасности; - со всеми работниками провести противопожарный инструктаж; - назначить ответственных лиц за пожарную безопасность; - среди детей проводить беседы о мерах пожарной безопасности. Нельзя забывать о том, что нет ничего страшнее и опаснее вырвавшейся из повиновения огненной стихии, которая может привести к непоправимым последствиям. Это несчастие можно своевременно предупредить если регулярно выполнять правила пожарной безопасности. Уважаемые родители Вам необходимо научить строгому соблюдению противопожарных правил, что поможет Вам избежать пожара и непоправимой беды.

Е. ТУЛЕНДИНОВ,
Старший инженер ОЧС
Ескельдинского района
старший лейтенант г/з

ӨЛКЕНІҢ ГҮЛ ЖАЙНАҒАН БАЛҒЫНДАР



Шымыр ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты тәрбие сағаты өтті. Шараға М.Маметова атындағы шағын орталықтың «Жұлдыз» тобы қатысты.

Шараның мақсаты – «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын- сауықта өлең айтып, би билеу арқылы белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, әлеуметтік мәнділік сезімін, жеке тұлға ретінде көрсете білуге тәрбиелеу.

Балаларды қорғау дегеніміз - әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз. Тәрбие сағатының барысында оқушылар өздері арнайы дайындаған тақпақтарын жатқа айтып, танымдық сұрақтарға жауап берді. Ауылдық кітапхана меңгерушісі балаларға жалпы 1-маусымның айтулы дата екенін түсіндіріп, кітапханадан алып оқуға болатын ертегі кітаптарға таныстырылым жасады. Бұлтсыз күн, ашық аспандай, нұрын шашқан күн сәулесіндей біздің балаларымыз бейбіт өмір сүрсе екен, олардың жүректерін қайғы-мұң шалмаса екен.

Ұ.БАТЫРБАЕВА,
Шымыр ауылдық
Кітапханасының меңгерушісі

СУҒА ТҮСУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАУПСІЗДІК

Жаз – біздің балаларымыз үшін көңілді және уайымсыз уақыт. Көптеген отбасылар жаздың ыстық күндерін табиғатта, көл, өзен, теңіз жағаларында демалуды ұнатады. Үлкендермен балалар шомылып, күннің нұрына рахаттанып, таза ауамен демалады. Бірақ су қауіпті болуы мүмкін! Біріншіден балалар кейде қауіп-қатерді байқамайды, сондан сіздің жауапты болу және қауіпсіздік техникасын сақтау міндеттілігіңізді есте сақтау қажет! Сондықтан демалыс орнына барудың алдында келесі ұсыныстарды зерделеу керек;

Балаларды суға тусуға рұқсат етілген және құтқару құралдарымен жабдықталған орындарға ғана жүргізіңіз. Сіздің бақылауыңызсыз балаңызға шомылуға рұқсат бермені! Әсіресе матрацта немесе үрлемелі ортада. Балаларды тек жүзу кеудешесін де немесе жеңінде жіберіңіз. Балаларға су астында тығылатын немесе оларды жығатын ойындарды ойнауға жолбермеңіз. Баланың тоңуын болдырмау үшін баланың суда болу уақытын бақылаңыз. Демалыс уақытында да жауапкершілікті ұмытпаңыз! Балалармен әңгіме өткізіп, қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін түсіндіру қажет. Ешқашан көз қарасынан жоғалтпаңыз балапандарыңызды! Мектепке дейінгі және кіші мектепжасындағы бала ерқашан үлкендердің қарауымен шомылуы тиіс. Жасөспірімдік жастағы балалар, егер өздері су қоймасына баратын болса, онда терең шұңқырлар, қатты ағыстар, су айналымы немесе үлкен толқындар болмаған жағдайда, бұл үшін арнайы бөлінген жерлерде ғана жүзуі тиіс.

Ескелді ауданының ТЖБ және 13-ӨСБ жеке құрамымен Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылында суға шомылу кезеңіндегі қайғылы жайлардың алдын алу мақсатында Ескелді ауданының волонтерлерімен және жергілікті атқарушы орган қызметкерлерімен бірлесіп Ескелді ауданының аумағында орналасқан Қаратал және Қусақ өзендерінің адамдар суға тусуға жарамайтын жағалауларда рейд жүргізілуде.

Қ. ӘШИМОВ,
Ескелді ауданының ТЖБ инженері
азаматтық қорғау аға лейтенанты

БЕРЕГИТЕ ЖИЗНЬ ДЕТЕЙ



Много пожаров происходит из-за шалости с огнем, об этом в первую очередь следует помнить родителям.

Своим примером они должны учить

детей строгому выполнению противопожарных требований, так как пример старших является лучшим методом воспитания.

Однако подчас получается иначе:

Родители, забывая о том, что дети проявляют большой интерес к огню, превращают спичку в игрушку. Чтобы успокоить ребенка, дают ему не погремушку, а коробок спичек с этикеткой «Прячьте спички от детей».

Лучше преодоление дурных привычек у детей трудовое воспитание. Но надо помнить, что нельзя давать

детям слишком большое для их возраста поручения: топить, разжигать керогаз, включать в сеть электроприборы. Выполняя эти поручения, дети невольно становятся невольниками

пожара. Прежде чем оставить ребенка дома одного, нужно проверить, спрятаны ли спички, выключены ли из электросети электроприборы, погас ли огонь в печке. С огнем любят играть не только маленькие дети, но и ребята по старше, школьного возраста. Некоторые курят тайком от родителей, разжигают костры, стреляют из самодельных пугачей, используют порох или головки спичек. Нередко родители в коем случае нельзя. В случае пожара, дети не могут выйти из горящего помещения, оказать помощь им трудно, а порой невозможно.

Граждане района, берегите жизнь детей!

Канагат АШИМОВ,
Инженер ОЧС
Ескелдинского района
ст. лейтенант
гражданской защиты

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРЬ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЦИЯСЫ АЯСЫНДА 200-ГЕ ЖУЫҚ АЗАМАТ ТЕГІН ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС АЛДЫ



лас жемқорлыққа қарсы қызметі «Параграф» ақпараттық жүйесімен және zakon.kz желілік басылыммен бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шара «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ ғимаратында облыс орталығының екі жүзге жуық тұрғынын жинады.

«Халық заңгері» - бұл бүкіл Қазақстан Республикасында өткізілетін әлеуметтік акция. Жобаның мақсаты-құқықтық сауаттылықты арттыру және азаматтарға, әсіресе халықтың осал топтарына: көп балалы отбасыларға, жалғызбасты аналарға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, шағын және орта бизнес өкілдеріне, студенттерге және т.б. тегін заңгерлік көмек көрсету.

Айта кетейік, азаматтарды қабылдау онлайн-форматта бейнебайланыс арқылы да өтті.

Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары практикалық құндылығы бар және жақын арада іске асырылатын шын мәнінде сауатты консультациялар алғанын атап өтті. Сондай-ақ, көптеген маманмен сөйлескеннен кейін, қалай әрі қарай жүру керек, неден бастау керек және өз мәселесін шешуді қалай тез аяқтау керектігі туралы нақты суретті дамытты. Сондықтан олардың барлығы іс-шараның сарапшылары мен ұйымдастырушыларына үлкен алғыстарын білдірді.

Бүгін «Халық заңгері» жалпы республикалық акциясы аясында Талдықорған қаласының тұрғындары облыстың құқық қорғау, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарының бірінші басшыларынан, сондай-ақ үздік заңгерлер мен адвокаттардан білікті заң көмегін алды.

Аталған акцияны Жетісу облысының Сыбай-

АРАЙ БІЛІМ – ҚАРАБҰЛАҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

12, 3, 4-сынып оқушыларына арналған курстар:

- 1) Конспект жинауға өкметсіз (абсолютті өкметсіз) әрі қосымша материалмен жұмыс жасауға үйрету.
- 2) Математика пәні бойынша материалмен жұмыс жасауға үйрету.

5, 6-сынып оқушыларына арналған курстар:

- 1) Қазақ тілі тақырыбында материалмен жұмыс жасауға үйрету.
- 2) Математика пәні бойынша материалмен жұмыс жасауға үйрету.
- 3) Математика пәні бойынша материалмен жұмыс жасауға үйрету.

7, 8, 9-сынып оқушыларына арналған курстар:

- 1) Қазақ тілі тақырыбында материалмен жұмыс жасауға үйрету.
- 2) Математика пәні бойынша материалмен жұмыс жасауға үйрету.
- 3) Математика пәні бойынша материалмен жұмыс жасауға үйрету.

10, 11-сынып оқушыларына арналған курстар:

- 1) Қазақ тілі тақырыбында материалмен жұмыс жасауға үйрету.
- 2) Математика пәні бойынша материалмен жұмыс жасауға үйрету.
- 3) Математика пәні бойынша материалмен жұмыс жасауға үйрету.

Мектеп алды даярлық

- Бастауыш сынып, ТЖБ, БЖБ.
- Көпкем жазу
- Ағылшын тілі
- Орыс тілі
- ҰБТ-ға дайындық
- НЗМ, КТЛ
- 20, 24 лицейге даярлау

Біздің мекен-жайымыз:
Қарабұлақ а.
Балтық, би көшесі 109
Телефон: 87474287029,
87057431326 (WhatsApp)
arabilmkarabulak
(инстаграмм)

БІЛГЕН ДҰРЫС!

Ерекше қажеттіліктері бар азаматтар қандай мәдени-ойын-сауық іс-шараларына тегін кіре алады?

- Мемлекеттік концерттік мекемелер өткізетін іс-шараларды
- I және II топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар ТЕГІН
- 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдер ТЕГІН
- III топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар 50% ЖЕҢІЛДІКПЕН тамашалай алады.
- Мемлекеттік театрларда өтетін спектакльдерді
- I және II топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар ТЕГІН
- 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдер ТЕГІН
- III топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар 50% ЖЕҢІЛДІКПЕН тамашалай алады.
- Мемлекеттік мәдени-ойын-сауық мекемелерінің іс-шараларын
- I және II топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар ТЕГІН
- 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдер ТЕГІН

- III топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар 50% ЖЕҢІЛДІКПЕН тамашалай алады.
- Мемлекеттік цирктердің іс-шараларын
- I және II топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар ТЕГІН
- 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдер ТЕГІН
- III топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар 50% ЖЕҢІЛДІКПЕН тамашалай алады.
- Мемлекеттік кітапханалар ұсынатын қызмет түрлерін
- I және II топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар ТЕГІН
- 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдер ТЕГІН
- III топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар 50% ЖЕҢІЛДІКПЕН пайдалана алады.
- Мемлекеттік музейлер мен музей-қорықтар ұсынатын қызмет
- I және II топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар ТЕГІН
- 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдер ТЕГІН
- III топтағы ерекше қажеттіліктері бар адамдар 50% ЖЕҢІЛДІКПЕН пайдалана алады.

І-Ш МАУСЫМ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ «БАРЛЫҚ БАЛА БАҚЫТТЫ» МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАСЫ



Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің, бөлімше қызметкерлері 1-ші маусым Халықаралық Балаларды қорғау күніне орай «Барлық бала бақытты!» атты мерекелік іс-шара өткізді, 51 бала қатысты. Іс-шара басында Бөлім басшысының м.а. Ауельбекова Гаухар Рыспекқызы барлық балаларға ашық аспан, бейбіт өмір, сөбілерге бақытты балалық шақ, әрқашанда сыңғырлаған күлкі, қуанышты сәттер көп болсын деп жылы лебізін білдірді. Мерекеге арнап Ержанқызы Нуриланың «Алға», Мұқанов Қайраттың «Мен сендерді жақсы көремін жақсы адамдар» атты әндерін шырқады. Сонымен қатар «PLOMBIR», «Дарина» аниматорлары шақырылып балаларды қызыққа бөледі. Іс-шара соңында Аудандық мешіт имамы Бақытбек Ертай балаларды мереке күнімен құттықтап тәтті жүгері үлестірді. Бөлімше есебінде тұрған 61

қызмет алушыларға тәттілер салынған сыйлықтар таратылды.

Осындай мерекелік шараның өтуіне қол ұшын созған, демеушілік көрсеткен: «Нұрлы тау», «Адал дүкені», «ИП Жұмағалым», «Православный Церковь», «Шесть соток», «ИП Онжанов», Кафе «Нұр», «Витязь», «СПК Тенлик Агро, Радик», «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігі, «Болашақ», жеке кәсіпкер Ағибаев Марлен, жеке кәсіпкер Рысбаев Ануарбек, жеке кәсіпкер Маратұлы Асет, «Планета» киім дүкені «Қаратал» дүкені «Faira» киім магазині, «Люкс», Алдаберген а/о «Қанат» дүкені, Бақтыбай а/о «Фортуна», «Сәлем» дүкені, «Өлем» кеңсе тауарлар, барлық демеушілерімізге жұмыспен қамту бөлімінің және ата-аналардың атынан шексіз алғыс айтамыз!

М. МЫРЗАКУЛОВА,
Бөлімше меңгерушісі
А. ЕСЕНАМАНОВА,
Әлеуметтік кеңесші
Әлеуметтік қызметкерлер 2023 жылғы

ӨЗГЕРІС ЖОЛЫ: ӘРКІМГЕ ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР!

Ескелді аудандық маслихат депутаты Р.Б.Мейрбекова «AMANAT» партиясының аудандық филиалының expertі Т.А.Шаяхметова, және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы А.С.Муханова өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі «AMANAT» партиясының «Өзгеріс жолы: әркімге лайықты өмір!» сайлауды бағдарламасының аясында халықтың, оның ішінде Мүгедектігі бар адамдардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған іс-шараларды іске асыру бойынша жол картасының 84-85 тармақтарын орындау мақсатында қол жетімділікті қамтамасыз ететін 6 аймақ - «Кірме тобы», «Қозғалыс жолдары», «Қызмет көрсетілетін аймақ», «Санитарлық – тұрмыстық орынжайлар», «Ақпарат және телекоммуникация құралдары», «Объектінің аумағы» бойынша арнайы құрылған жұмыс тобы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



ДЕМАЛУШЫЛАРҒА ЕСКЕРТУ

Көптен күткен жыл мезгілдердің бірі – жаз келіп, шомылу маусымы басталады. Адамдардың көбі жаз мезгілінде демалыс алып жанұясымен «Алакөл», «Балқаш» көлдеріне немесе басқа да демалыс орындарына барып демалғанды жөн көреді. Бірақ таңдалған жер және шомылуға арналған су айдынының суы ең алдымен қауіпсіз болуы керектігін есте сақтау қажет.

Бүгінгі күні Жетісу облысының санитарлық – эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармаларының бақылауында «Алакөл» көлінің бойында 74, «Балқаш» көлінің бойында 10 демалыс аймақтары бар.

Су айдындарындағы судың және жағалаудағы топырақтың құрамы бойынша қауіпсіздігі Біздің бақылауымызда тұр. Шомылу маусымы басталар алдында «Алакөл» мен «Балқаш» көлдерінен микробиологиялық және санитариялық – химиялық көрсеткіштерге 39 су сынамасы және 39 топырақ сынамасы, паразитологиялық көрсеткіштерге 30 су сынамасы және 39 топырақ сынамасы алынып зерттелді. Жүргізілген зертханалық зерттеулердің нәтижелері гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

Демалыс аймақтарында алаңдатушылық туғызатын мәселелердің бірі – кейбір демалушылардан кейін жиналмай қалатын қоқыстар. Мұндай неміқұрайлықтың салдарынан су айдындары мен жағалаудағы топырақ ластанады және демалушылардың жұқпалы, паразиттік ауруларды жұқтыру қаупі жоғары болады.

Тазалықты сақтау өзімізден басталатындығын ескерсек, осы сәттен бастап өзіңізді, балаларыңызды, жақындарыңызды тазалық сақтауға және қоршаған ортаға жылулықпен қарауға шақырыңыз!

Барлықтарыңызға сәтті және жақсы демалыс болсын!
Жетісу облысының санитарлық – эпидемиологиялық бақылау департамент

НАВАРЛАНДЫРУ

Открылась наследственное дело на имя гражданина Мурзабековой Сатины, дата смерти 10.05.2020 года наследников просим обратиться к нотариусу С. Карабулак, р.т. 3-00-99

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 609 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка **Е.ЖИРНИКОВА.**